

## ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ МҮЛІКТІК ҚАТЫНАСТАРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Сабитов Бекет Садирович**

[beket@mail.ru](mailto:beket@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, азаматтық, еңбек және экологиялық құқық кафедрасының құқықтану мамандығының 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- з.ғ.к., доцент м.а. Б.Жусипова

Еліміздің әлеуметтік саладағы ең маңызды қызмет ету бағыттарының бірі отбасы, оның мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау барысындағы барлық сатыларын реформалау болып табылады. Демек, отбасының өмір сүру жағдайын артыруға, сапасын жақсартуға бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық, құқықтық қамтамасыз ету шараларын қамтиды.

2016 жылғы 6 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендірлік саясатын тұжырымдамасын қабылдады, бұл жерде отбасы мүшелерінің бірі ретінде ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері және басқада атқаратын функцияларын орындауда жауапкершілікке теңдей қарауға мүмкіндік берді [1].

Аталған тұжырымдама қазіргі заманғы берік отбасын қалыптастыруға гендірлік теңдікке қол жеткізу қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың ажырамас процесі ретінде қабылданды.

Ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік құқықтық қатынастар-бұл ортақ бірлескен меншікке, сондай-ақ олардың өзара материалдық мазмұнына байланысты туындайтын қатынастар болып табылады.

Ерлі-зайыптылардың мүлкі екі түрге бөлінеді, олар ерлі зайыптылардың әрқайсысының меншігі, бірлескен ортақ меншігі.

Әрқайсысының меншігіне оған, ең алдымен, некеге дейін сатып алынған мүлік (автомобиль, некеге тұрғанға дейін енгізілген банк салымы), сондай-ақ ерлі-зайыптылардың бірі сыйлық ретінде немесе неке кезінде мұрагерлік тәртіппен алған мүлік жатады. Сонымен қатар, егер олар ортақ ақшамен сатып алынған болсада, ерлі-зайыптылардың жеке мүлкіне ерлі-зайыптылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған және зергерлік бұйымдар мен сәнді заттар жатады. Осылайша, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне меншік құқығы туындайды, ерлі-зайыптылардың әрқайсысы жеке мүлікті басқа жұбайының еркіне қарамастан өз қалауы бойынша иеленеді, пайдаланады және билік ете алады.

Бірлескен ортақ мүлік-бұл ерлі-зайыптылар неке кезінде алған мүлік. Оның құрамына жалақы, ақшалай сыйақылардың өзге де түрлері (жәрдемақылар, зейнетақылар, үшін сыйақылар) кіреді.

Бірлескен меншік үлестердің болмауын білдіреді. Басқаша айтқанда, егер мүлік ерлі-зайыптылардың ортақ қаражатына сатып алынған болса, онда оларға құқықтар тең дәрежеде пайда болады.

Неке(ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің 32-бабының 1 тармағында «егер неке шартында өзгеше белгіленбесе, ерлі-зайыптылардың бірлескен ортақ меншігінің режимі олардың мүлкінің заңды режимі болып табылады» делінген, сонымен қатар 34-бабы «некеге отыратын (ерлі зайыпты болатын) адамдардың

келісімі немесе ерлі-зайыптылардың некедегі және ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім неке шарты деп танылады»[2].

Ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншік құқығы отбасы және азаматтық заңнама нормаларының арақатынасы аспектісі жалпы және арнайы ережелердің тіркесі ретінде қарастырылады.

Заң шығарушы Азаматтық құқық нормалары ерлі-зайыптылардың мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарына, егер олар отбасылық құқық нормаларымен реттелмеген болса, қолданылуы мүмкін дейді. Азаматтық заң нормаларын қолдану отбасылық қатынастардың мәніне қайшы келмеуге тиіс.

Отбасындағы меншікті реттеудегі азаматтық және отбасылық құқықтың арақатынасы туралы айта отырып, отбасылық мүлікті пайдалану, иелену, билік ету туралы туындайтын қатынастардың көп бөлігі азаматтық заңдармен реттеледі деп айтуға болады. Мәселен, қазіргі уақытта ерлі-зайыптылардың меншігі туралы жалпы ережелер ҚР Азаматтық кодексіне енгізілген. Демек, ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігі азаматтық және отбасылық заңнамамен реттеледі. Оған жалпы меншік туралы және бірлескен меншік туралы ҚР Азаматтық кодексінің барлық жалпы нормалары қолданылады»[3].

Неке-бұл ерекше заңды жағдай, бұл ҚР отбасылық және азаматтық заңнама нормаларымен реттелген қатынастардың белгілі бір тобына жатқызылады. Бұл қатынастар тобын шартты түрде екіге бөлуге болады: мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар.

Бұл айырмашылық мүліктік құқықтар мен міндеттердің белгілі бір экономикалық мазмұнға ие болуымен байланысты болады. Ал жеке құқықтар мен міндеттер, керісінше, мұндай мазмұннан айырылған, олардың басты ерекшелігі-олар жеке адамнан бөлінбейді және басқа адамдарға берілмейді.

Авторлар жеке (мүліктік емес) деп некеге тұруға және оны бұзуға, некені қию және бұзу кезінде тегін таңдауға байланысты қатынастар, отбасы өмірінің мәселелері, ата-аналар мен балалардың тәрбие мен білім беру жөніндегі қарым-қатынасы және т. б шешім қабылдау кезінде ерлі-зайыптылар арасындағы өзара қарым-қатынастар деп түсіндіреді[4,88].

Бұл құқықтық қатынастар өте алуан түрлі және тек негізгі мәселелерде құқықтық реттеуге ұшырайды.

Алайда, неке-отбасы қатынастарында жеке (мүліктік емес) қатынастар басымдыққа ие, бірақ бұл ерлі-зайыптылардың бірлескен шаруашылығының негізін құрайтын және отбасылық заңнаманы құқықтық реттеуге болатын неке қатынастарының негізгі мазмұнын тікелей алатын мүліктік құқықтық қатынастар деп танылады.

Қазақстанда ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігін құқықтық реттеу отбасылық және азаматтық заңдармен жүзеге асырылады. Ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі туралы норма бекітілген (АК -223 бабы).

Ерлі-зайыптылардың меншік құқығы туралы азаматтық және отбасылық нормалар жалпы және арнайы болып табылады. Отбасылық меншікке қатысты мәселелерді реттейтін отбасы заңнамасының нормалары ҚР азаматтық заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

Біріншіден, отбасылық заңнаманың нормалары ҚР Азаматтық кодексінің ережелерін нақтылайды және толықтырады, екіншіден, отбасылық қатынастардың ерекшелігіне байланысты азаматтық заңдарда көзделген жалпы ережелер белгілі бір ерекшеліктерді белгілейді.

Азаматтық және отбасылық заңнама нормаларымен реттелетін қатынастар жиынтығын екі үлкен бөлімге бөлуге болады:

- 1) Азаматтық құқықтың кез келген субъектілері арасында пайда болуға қабілетті және тиісінше азаматтық заңнама нормаларына бағынатын әдеттегі қатынастар;
- 2) ерлі-зайыптылар арасында ғана қалыптасатын, сондықтан отбасылық құқық нормаларына айтарлықтай әсер ететін ерекше қатынастар.

Азаматтық құқық доктринасында ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік құқықтық қатынастар үш топқа бөлінеді:

- 1) неке кезінде ерлі-зайыптылар сатып алған мүлікке қатысты құқықтық қатынастар;
- 2) неке шартының нысанасы болып табылатын мүлікке қатысты құқықтық қатынастар;
- 3) өзара материалдық қамтуға байланысты құқықтық қатынастар.

Сондай-ақ, ҚР Азаматтық және отбасылық заңнамасындағы проблемалардың бірі "мүлік" ұғымының заңды анықтамасының болмауы болып табылады.

Отбасы кодексінің 33-бабында тек ерлі-зайыптылардың ортақ меншігіне қатысты тізім ғана берілген, сонымен қатар ерлі-зайыптылардың әрқайсысының жеке мүлкін олардың ортақ мүлкінен бөлуге мүмкіндік беретін критерийлер бекітілген. ҚР АҚ және оған сәйкес қабылданған өзге де заңдарға қатысты «мүлік» ұғымы дәстүрлі түрде, ең алдымен, Азаматтық құқық объектісі ретінде әрекет етеді, мұнда олар мүліктік және мүліктік емес өзіндік игіліктер мен құқықтарға бөлінеді (ҚРАК-115 бабы)

Сүлейменов М.К., Ю.Г. Басин «Мүлік» ұғымы-азаматтық құқықтың маңызды ұғымы ретінде азаматтық-құқықтық реттеу нысанымен тығыз байланыстылығын түсіндіре отырып, мүліктің заңдық ұғымына мүліктік игіліктер мен мүліктік құқықтарды біріктірді, сондай-ақ олардың жиынтығын немесе кешенін де мүлік деп таныды» [5,260]

Сонымен бірге, бұл тұжырымдама белгілі бір заңның қандай құқықтық қатынастарды реттейтініне байланысты әртүрлі материалдық байлықтарды белгілей алады. Ерлі-зайыптылар арасында туындайтын мүліктік құқықтық қатынастардың басқа құқық субъектілері арасындағы басқа ұқсас қатынастармен салыстырғанда белгілі бір ерекшеліктерге ие.

Мүліктік қатынастар, отбасылық заңнаманы реттеудің мәні ретінде, олардың көлемі бойынша маңызды орын алады. Отбасылық заңнамаға сәйкес мүліктік қатынастарға оларға мыналар жатады: ерлі-зайыптылардың ортақ және бөлек мүлкіне байланысты туындайтын қатынастары, сондай-ақ отбасы мүшелерінің алименттік міндеттемелерін де жатқызамыз.

Ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастары, жеке (мүліктік емес) қатынастармен салыстырғанда, мемлекет тарапынан құқықтық реттеуге әлдеқайда көп мүмкіндік береді. Бұл қатынастар құқықтық реттеуді қажет етеді, өйткені мүліктік қатынастар табиғаты бойынша анықталуы керек, өйткені ерлі-зайыптылардың өздері де, үшінші тараптар да мүдделі: мұрагерлер, несие берушілер.

Сондай-ақ, мүліктік міндеттерді орындамаудың салдарынан санкциялар белгіленуі мүмкін, мәжбүрлі түрде жүзеге асырылады. Бірақ сонымен бірге барлық мүліктік қатынастар құқықтық реттеуге жатпауда мүмкін, олардың белгілі бір бөлігі құқықтан тыс қалады, мысалы, тұрмыстық қатынастар, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың күнделікті өміріне қатысты қатынастар.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1 Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы//<https://adilet.zan.kz>

2 Неке(ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының Кодексі//<https://adilet.zan.kz>

4 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі//<https://adilet.zan.kz>

4 Кудрявцева Л.В., Куемжиева С.А., Масленникова Л.В. Актуальные проблемы семейного права: учеб. пособие – Краснодар: КубГАУ, 2019 – 380 с.

5 Сүлейменов М.К., Басин Ю.Г. Азаматтық құқық I том.-Алматы, 2003-736